



• ЖАСТАР САЯСАТЫ

## «Мүмкіндіктер марафоны» мәреге жақын

Облыс көлемінде NEET санатындағы жастар саны жылдан-жылға кеміп келеді. Осы жылдың ақпан айында басталған «Мүмкіндіктер марафоны» аясында жұмыссыз жастармен атаулы жұмыс сәтімен жалғасуда. Бұған тілшілер қауымы Шахтинск қаласында ұйымдастырылған баспасөз турында көз жеткізді. Мұнда жастарды жұмысқа орналастыру, қысқа мерзімді кәсіптік курстар, кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, субсидияланатын жұмыс орындары ұсынылып, бос орындар жәрменкелері ұдайы өткізіліп тұрады.



Ерканат КЕЧЕСБЕКҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

NEET буыны дегеніміз – жұмыс істемейтін, оқымайтын жастар легі. Термин алғаш рет Ұлыбританияда XX ғасырдың соңында қолданылған. Өзі ісін ашуға мүдделі адамдар үшін Қарағанды облысы әкімінің және Шахтинск әкімінің гранттары көзделген. Осының арқасында қалада бірнеше жаңа кәсіпорындар, соның ішінде, логопедиялық орталық, шаштараз, сүт өнімдерін өндіру іске қосылған.

Мемлекеттік қолдауды Шахтинск тұрғыны Мария Шувурталова сәтті қолдана білді. Ол жас аналарға арналған босануға дайындық кабинетін ашқан. Эпидемиолог дәрігер ретінде доул курсы оқыған Мария «Бастау бизнес» бағдарламасының шарапатымен кәсіпкерлік негіздеріне оқыту дәрісінен өтті. Онан соң іле-шала

көкейде жүрген ойын іске асырмақ болып, бизнес-жоспар құрған. – Өткен жылдың қараша айында мен миллион теңгеге грант иемденіп, жобамды іске асыруға бірден белсене кірісіп те кеткенмін. Жүйелі жұмыс үшін қажет нәрсенің бәріне тапсырыс беріп, бірнеше айдан кейін арнаулы кабинет аштым. Таңданысыма орай, қолдағы қаражат сомасы барлығына дерлік жеткілікті болып шықты. Тіпті, қосалқы құрылғы да сатып алдым. Өу басында бизнес бастау қиын болды. Бірақ, мен мойымадым! Бүгінде жобам сұраныс иеленгеніне бек қуаныштымын. Білімім мен білігім арқылы аналардан алғыс алып жүремің! – дейді Мария Шувурталова.

Өз кезегінде Шахтинск қаласының Жастар ресурстық орталығы жұмыспен қамту мәселесін оңтайлы шешуге оң ықпал ете

отырып, Мансап орталығымен тығыз жұмыс істейді.

– 1 қарашаға дейінгі дерекқорды сараласақ, аймақ бойынша жастар ресурстық орталығына 13 215 жас азамат жүгінген. Оның 673-і – Шахтинск тұрғыны. 11 950 адам жұмысқа орналастырылды. Әрқайсымен тегін заңгерлік және психологиялық консультацияларды қоса алғанда, жекелеген жұмыс жүргізіледі, – дейді Шахтинск қаласы Жастар ресурстық орталығы басшысының міндетін атқарушы Алексей Варзаев. – Быыл біз жұмыссыз жастар санының айтарлықтай төмендегенін байқап отырмыз. Бұл – ауаларды аралау, қоңырау шалу, қолжетімді бағдарламаларды түсіндірудің жарқын нәтижесі. Мұнымен бірге, мемлекеттік органдардың үйлесімді жұмысының арқасында оң динамика бар. Біз еш жерде

оқымаған жұмыссыз жастарды лек-легімен Мансап орталығына бағыттап отырамыз. Ал, онда олар жұмысқа орналасудың қам-қарекетіне кірісіп кетеді.

Еске салайық, Шахтинск қаласының Жастар ресурстық орталығы өз қызметін 2013 жылғы 12 ақпаннан жүзеге асыра бастаған. Жұмыстың негізгі бағыты – NEET жастарын анықтау және әлеуметтендіру. Осы санаттағы жастармен жұмыс кезінде олардың іргелі түйткілдерін шешуге назар аударамыз. Осы жұмыс шеңберінде әрбір жасқа бос жұмыс орындары ұсынылады. «Жасыл ел» жобасы шеңберінде жастарды жазғы жұмысқа жұмылдыру сынды мемлекеттік қолдау шаралары жүзеге асады. Бірінші кезекте халықтың әлеуметтік осал тобына жататын жастар жұмыс орынымен қамтылады.

▶ 3-бет

• БАСПАСӨЗ – 2025

## «Орталық» айнымас серігіме айналды

Өз басым газет-журналды жас кезімнен оқимын. Мемлекеттік қызметке келгелі мерзімді басылымдар айнымас серігіме айналды. Өйткені, онда аймақтың тыныс-тіршілігі, экономикасы, өндірісі мәдениеті мен өнері бар. Осының бәрін «Орталық Қазақстан» газетінен оқып, танысып отырамын.

Меніңше, мемлекеттік қызметтегі әр адам міндетті түрде газет оқуы керек. Болашағыңды бағдарлап, жұмысыңды жүйелеп отыру – аса маңызды.

Рухани жағынан таным көкжиегіңнің кеңейе түсуіне «Орталық Қазақстан» газеті де ықпал етеді.

Сонымен қатар, облыстың бас басылымы аймақтың шежіресі іспетті. Қаншама жылдар өтсе де, бүгінгі күніміз «Орталықтың» беттеріне қатталып, сақталып тұрады. Сондықтан да, менің бұл газетке деген құрметім бөлек.

Ауыл әкімі қызметінде жүр-



геніме біраз болды. Осы жылдар аралығында өзім басшылық ететін ауылдарға шамам жеткенше жақсылық жасап, дамытуға күш салып келемін.

Ал, Қасым Аманжолов ауыл-

дық округіне келгелі жауапкершілік бұрынғыдан да арта түсті. Өйткені, ауылдық округтің орталығы Талдыдан бөлек, Белдеутас, Аққора, Сарыобалы, Ақбай-Қызылбай сынды бірдей төрт бөлім-

ше бар. Енді бар күш-жігерімді осы ауылдарды гүлдендіруге жұмсап жүрмін.

Газетті өзім ғана оқып қоймай, «Ауылымның тұрғындары оқысын, елдің хабарын алып отырсын!» деген ниетпен өз қаржыма «Орталық Қазақстан» газетінің 50 данасын жаздырып бердім. Ауылымдағы зейнеткерлер мен көпбалалы отбасылар да енді газет алып оқиды.

Оның үстіне, қазір газетке жазылу өте оңай. Ауылда отырып-ақ Kaspi.kz қосымшасына кіріп, жазылдым. Ал, газетке жазылуға арналған Kaspi QR коды газеттің мұқаба бетінде тұр.

Ауылда елі үшін еңбек етіп жатқан белсенді әкімдерді, азаматтарды облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне жазылуға шақырамын!

**Ербол ИСАТАЙҮЛЫ,**  
**Қасым Аманжолов атындағы ауылдық округтің әкімі**  
**Қарқаралы ауданы**

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

## Ата-ана мен балаға тегін көмек

Кеншілер шаһарында облыстық білім басқармасының жанынан ашылған психологиялық қолдау орталығы жұмыс істейді. Ондағы мамандар балалар мен олардың ата-аналарына тегін көмек көрсетеді.

Ашылғанына төрт жыл болған орталық әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу зертханасының негізінде құрылған. Мұндағы мамандар педагогтар мен психологтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін аудандар мен білім беру ұйымдарына барады. Сонымен қатар, бала және ата-ана құқықтары жөніндегі уәкіл білім басқармасының сұрауы бойынша қолдау көрсетеді.

Аталған психологиялық қолдау орталығында көмек, ең алдымен, балалар мен ата-аналарға бағытталған. Олардың эмоционалды және психологиялық мәселелерін шешуге қол ұшын береді.

болмаса, бізге тікелей келуіне болады, – деп атап өтті психологиялық қолдау орталығының жетекшісі Татьяна Любчанская.

Орталықтың ашылуы штаттағы қызметкерлердің санын көбейтуге де мүмкіндік берген. Қазір онда тәжірибесі мол 11 маман жұмыс істейді. Кеңес қазақ және орыс тілдерінде беріледі. Сонымен қатар, тәжірибе алмасу және өзекті мәселелерді шешу үшін кеңістік құруға көмектесетін диалог алаңдары мен форум-театрлары үнемі ұйымдастырылып тұрады.

– Бізде 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналған кабинет



– Басты міндетіміз – психологиялық сүйемелдеу жүйесін талдау және білім беру ұйымдарында психологиялық көмек көрсетудің сапасын арттыру. Психологтармен, әлеуметтік педагогтармен, тәрбие жұмысы жөніндегі директорлардың орынбасарларымен, сынып жетекшілерімен тікелей жұмыс істейміз. Балаларға, ата-аналарға және педагогтарға арналған арнайы кеңес беру кабинеттері ашылды. Егер бала немесе ата-ана түрлі себептермен өз мектебінде психологтың көмегіне жүгінгісі келмесе немесе мүмкін

бар. Баланың дамуы туралы кеңес алғысы келетін ата-аналар хабарласады. Диагностикалық көмек пен қолдау көрсетуге дайынбыз, – дейді Татьяна Любчанская.

Орталық сенбі мен жексенбіден басқа күндері сағат 08:30-дан 18:30-ға дейін жұмыс істейді. Қажет болса, (шұғыл жағдайларда) психологтар сенбі күндері де кеңес беруге дайын.

Орталықтың мекенжайы: Әлиханов көшесі, 19, 2-қабат.  
Instagram: @cppkobb.

Өз тілшімізден

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

## Әуежайдың әрі кіреді

Балқаш қаласындағы әуежай қайта жанартылып жатыр. Қазіргі таңда ішкі демонтажда жұмыстары жүргізіліп, сыртқы инженерлік желілері салынуда. Сонымен қатар, екі қосымша жапсаржайдың құрылысы жүзеге асырылуда.

**Нұрдос КӨРІМ,**  
**«Ortalyq Qazaqstan»**

Жоба екі кезеңнен тұрады. Біріншісі – жермен жүру жолдары мен перронды қайта құру. Екіншісі – аэровокзал ғимаратын күрделі жөндеу және арнайы көлік қызметінің ғимаратын салу.

Қазір бүйірлік қауіпсіздік жолақтары салынып, заманауи жарық-сигналдық жабдық орнатылған. Мұздан тазартатын сұйықтық пен ағынды суларға арналған резервуарлардың құрылысы да аяқталуға жақын.

Жұмыстарды жыл соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Ал, аэровокзалды қайта құру және арнайы көлік қызметі ғимаратының құрылысы 2025 жылы аяқталмақ.

Әуежай инфрақұрылымын жаңғырту қаланың дамуы мен туризмі үшін жаңа мүмкіндіктер туғызады деп күтілуде. Жоспар бойынша жолаушылар ағыны жылына 13 мыңнан 40 мың адамға дейін, шамамен үш есе өсуі тиіс.

Нысан 1967 жылы салынған, соңғы рет әуе айлағы 2007 жылы жөнделгенін айта кеткен жөн.

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	Жеткізуші	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Ауыл/ауыл (теңге)	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай	10447,44	5882,60
		12 ай	20894,88	11765,20
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4116 теңге	6 ай	3386,60	3074,60
		12 ай	6773,20	6149,20



**«ORTALYQ QAZAQSTAN» ГАЗЕТИНЕ**

**Kaspi QR**  
АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ

**Анықтама телефоны:**  
41-26-85,  
8-702-638-56-85,  
8-705-902-04-05.

**E-mail:**  
otdel.pochtovyy@bk.ru



## Тұрғындарды жеке қабылдады

Тұрғындардың әл-ауқатын арттыру хәм түйткілді мәселелерін уақытылы шешіп, жайлы өмір сүруге жағдай жасау – мемлекет саясатының негізгі өзегі. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аймақ тұрғындарын қалыптасқан дәстүр бойынша жеке қабылдады. Қабылдауда көтерілген көптеген мәселе әлеуметтік сала мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына қатысты болды.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

берілуін кешіктірмеуді және мәселені қысқа мерзімде шешуді мұқият тапсырды.

Қабылдауға келген екінші топтағы мүмкіндігі шектеулі жандар да үйге қатысты өтінішін білдірді. Қарағанды қаласының



Аталған кездесуге мемлекеттік құрылымдар мен облыстық басқармалар басшылар және өкілдері қатысты.

Қабылдауда облыс орталығының Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі «Күнгей» шағын ауданының тұрғындары да келген. Олар кәрізге қатысты шағымын ортаға салды. «Қарағанды Су» мекемесінің арнайы бригадасы кәріз құдығын ашып, оның балшықпен бітелгенін анықтады.

Айта кетерлігі, бұл желілер «Қарағанды Су» кәсіпорының балансында болмағандықтан ешқандай жұмыс жүргізілмеген.

Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Кожухов барлық бітелген желіні тазартып, «Қарағанды Судың» иелігіне берілетінін айрықша атап айтты.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев желілердің баланск

тұрғыны кезекте бірнеше жылдан бері тұрғанын айтты. Жағдайды қала басшысы Мейрам Кожухов нақтылап түсіндіріп, быыл 400-ге жуық пәтер берілетінін атап өтті. Тұрғын үй кезекке сәйкес берілетінін тілге тиек етті.

– Кезекте тұрған жандар көп. Біз пәтерлерді барлық санаттарға пропорционалды түрде береміз. Ешкімді айналып өте алмаймыз. Биыл немесе келесі жылдың басында қоныстойын атап өтесіз деген үміттеміз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Қабылдауда мұқият зерделеуді қажет ететін мәселелердің одан әрі шешу үшін бақылауға алынғанын атап өткен жөн.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

### • САҚТАНСаң, САҚТАЙДЫ

## Тасқынға – тосқын

Қарағанды қаласы қала маңындағы 17 шақырымға жуық жаңбыр суы жүйесі жаз айларында тазартылған. Соңғы уақытта 30 шақырымның қоқысы аршылды. Қала әкімі Мейрам Кожухов көктемгі тасқынға дайындық туралы Instagram парақшасында жазды.



Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Желтоқсан айының соңына дейін тағы 529 метр жаңбыр суы коллекторларын орнату жоспарланып отыр.

– Шахтерлер даңғылының тағы бір проблемалық учаскесінде – №36/2 үйдің маңындағы бақылау камерасынан, еріген судың бір бөлігін ағызып шығару үшін қосымша құбыр орнатудамыз. Қазіргі таңда еріген су осы бақылау камерасына 1200 мм диаметрі бар екі құбыр арқылы түсіп келсе, оны ағызатын бір ғана құбыр болған. Енді біз осы олқылықты түзетіп жатырмыз. Камерадан құбыр жүргізіп, оны әрі Сарыарқа көшесіндегі Жартас каналына қосамыз. Канал жолдың астымен өтеді, құбырдың диаметрі үлкен, – деп мәлімдеді қала әкімі әлеуметтік желідегі парақшасында.

Сонымен қатар, шаһар басшысы Тәттімбет көшесінің арғы бетінде орналасқан даладағы су бұру арығын салу жұмыстары туралы да айтып өтті. Көктемде сол жерден үлкен су ағысы келеді. Осының салдарынан жақын маңдағы ғимараттар су астында қалмауы үшін қалалық қызметтер арық қазып жатыр, ол арық «Таугүл» ықшам ауданынан өтіп, Жартастас каналына қосылатын көрінеді.

Қаланың Оңтүстік-Шығысындағы Университет көшесінде №78/15, №78/11, №78/19 үйлерінің маңында 263 метр қосымша жаңбыр суы жүйесі салынып жатқанын да атап өткен жөн.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

## Газбен қамтуда іркіліс жоқ


Бүгінгі күнде облыста газ тарату желілерін салу бойынша жұмыстар Қарағанды, Теміртау және Шахтинск қалаларында жалғасуда. Өткен жылы Қарағанды және Теміртау қалаларында үшінші іске қосу кешенінде газ тарату желілерін салу жұмыстары аяқталды. Газ 7 621 үйге барып тұр. Бұл қосылуы тиіс халықтың шамамен 60%-ы. Облыс әкімінің аппарат отырысында белгілі болғандай, «Күнгей» және «Таугүл» шағын аудандарын газдандыру жұмыстары келесі жылы басталады.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ұлан Ермеков 5 780 тұрғынмен техникалық келісім жасалғаны айтылды.

– Қарағанды бойынша 4, 5, 6 іске қосу кешені бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Теміртау бойынша ІІ кезектің 1 және 2 іске қосу кешендері және І кезектің 4-ші кешенін іске қосу жұмыстары жүргізілуде. Шахтинск қаласында автоматты газ тарату станциясы және жоғары қысымды газ құбырының құрылысы аяқталды. Северо-Западный кентінде төмен қысымды газ құбыры мен шығу тораптары салынуда. Биыл газбен қамту жобаларына 14,6 млрд теңге бөлінді. Республикалық бюджеттен – 3,1 млрд теңге, қала бюджеттерінен – 3,5 млрд теңге, сонымен қатар, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-нан 8 млрд теңге, – деді.

Оның айтуынша, Ақтау және Мұстафин кенттерін, сондай-ақ, Шет ауданын газ-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

дандыру бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алған жобалар бар. Оның құрылысы және жоғары қысымды газ құбырының құрылысы аяқталды, Северо-Западный кентінде төмен қысымды газ құбыры мен шығу тораптары салынуда. Биыл газбен қамту жобаларына 14,6 млрд теңге бөлінді. Республикалық бюджеттен – 3,1 млрд теңге, қала бюджеттерінен – 3,5 млрд теңге, сонымен қатар, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-нан 8 млрд теңге, – деді.

Отырыста Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Кожухов келесі жылы қала орталығындағы бірқатар көшелерге тартылатынын айтты. Атап айтқанда, Космонавт, Пищевая, Гончарная, Кондитерская, Кирпичная, Балкаш, Четская, Рахымов көшелері, сонымен қатар, ескі әуежай ауданындағы К.Шектібаев, Ф.Құлқыбаев, Х.Қабжанов көшелері газдандырылады.

– Бұл көше тұрғындары көп жылдар бойы пеш жағып келеді. Осы көшелерді газға қоссақ, қала орталығында экологиялық жағдай-

ды жақсартуға ықпал етеді. 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында аяқтауды жоспарлап отырмыз, – деді Мейрам Кожухов.

Сонымен қатар, Кирзавод пен Федоровка аудандарын газдандыру жалғасады.

«Күнгей» және «Таугүл» шағын аудандарында 133 шақырым газбен жабдықтау желілері салынатын болады. Бұл шамамен 3300 абонентті табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Теміртауда тағы бір нысан жыл соңына дейін тапсырылуы тиіс», деп хабарлады қала әкімі Ғалым Әшімов. Бұл табиғи газды ескі қала мен оң жағалаудағы 1 727

үйге жеткізуге мүмкіндік береді. Келесі жылы «АБВ» кварталының мыңға жуық үйі мен «Горка Дружбы» шағын ауданын көгілдір отынмен қамтамасыз ету үшін газ құбырының құрылысы жалғасады.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірді одан әрі газдандыру және тұрғындарды көгілдір отынға қосу қарқынын арттыру жөнінде тапсырма берді.

– Тұрғындарға табиғи газды тұрмыста қауіпсіз пайдалану ережелерін түсіндіру қажет. Газ тарату желілерін салу бойынша жобалардың сапалы іске асырылуын және уақытылы орындалуын бақылауда ұстау керек, – деп атап өтті аймақ басшысы.

## Қайнардағы қуаныш

Нұра ауданы Қайнар ауылында қуаныш. Өткен апта жаңа әкімшіліктің салтанатты түрде ашылу рәсімі өтті. Бұған дейін ауыл әкімшілігі тозығы жеткен ғимаратта жұмыс атқарып келген еді.



Қуатты өңір



Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы уақытқа дейін «Қайнар» ЖШС-нің аядай ғана жерінде ауылдың учаскелік инспекторы, ветинспекция, әкімшілік мамандары жұмыс істеп келді. Содан ескі әкімшілік ғимаратын сүріп тастап, қабырғасын кенейтіп қайта тұрғызды. Жоғарыда атап өткен қызметкерлердің әрбіріне жаңа мекемеден жеке каби-

нет берілді. Енді пошта маманы да осында отырады. Жаңа әкімшілік барлық қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Жаңа ғимараттың құрылысына мемлекеттік бюджеттен 13 млн теңге қаражат бөлінді. Онымен қоса «Қайнар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 22 млн теңге аударып, демеушілік көрсеткен.

Әкімшіліктің лентасын аудан әкімі Бақытжан Мұқанов, «Қайнар» ЖШС басшысы Сейітжаппар Нығметов пен Атымтай Жомарт Қа-

нат Отарбаев қиып, игі лебіздерін білдірді.

– Ымыра бірлігі жарасқан ауылымызбен әрдайым мақтанамыз. Осы бір шаруа көптен бері ел азаматтарының есінде жүр еді. Міне, жарқыраған жап-жаңа әкімшілік ел игілігіне қызмет атқарады. Әкімшілік – ауылымыздың жүрегі секілді. Өйткені, барлық ауыл үшін жасалатын игі қызметтер осы жерде бастау алып, шешім табады. Ауылға хал-қарекетіміз жеткенше, қызмет қыла береміз, – дейді жомарт жүрек

Сейітжаппар Алшынбекұлы.

Ауыл әкімі Азамат Садықов жап-жаңа ғимарат тарту еткен аудан әкімшілігі мен «Қайнар» ЖШС басшысына риясыз пейілін жеткізді.

Ауылдың шаруа қожалықтары туған жердің өркендеуіне зор үлес қосып отырған Сейітжаппар Нығметовтің ниғына шапан жауып, сәйгүлік мінгізді.

Ауылына шарапат төгіп отырған шаруашылық егін егін қана қоймай, мал тұқымын асыландырумен де жүйелі айналысып келеді. Жыл сайын отандық және шетелдік ауыл шаруашылығына қажетті техниканың түр-түрін сатып алып отырады. Өйткені, жұмыстың негізгі күші сол.

Сейітжаппар Алшынбекұлы – қашаннан ауылдың әлеуметтік жағдайына алаңданып отырған азамат. Ауылдағы дөрігерлік амбулатория, мәдениет үйі, мейрамхана, монша, наубайхана – шаруашылықтың қаржысына жасалған игі істер.

Ауылдағы бұқаралық спортты дамыту үшін кешенді спортзал салып берген. Шаруашылық демеушілігімен мешіт те бой көтерген. Мемлекеттік-жекеменшік серіктестігі арқылы балабақша да жұмыс істеп тұр. Мұнымен қоса, іргелі шаруашылық ауылдағы ел-жұртқа жұмыс беріп отыр.

Нұра ауданы

Сурет ауыл әкімшілігінен алынды

## Тауарлық несие тұңғыш рет берілді

Қазақстан халқына Жолдауында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев тауарлық несие құралын енгізуді қарастыруды тапсырған болатын. Бұл механизм аграрлық салаға қолдау көрсету мен ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында облысымызда, соның ішінде, Бұқар жырау ауданында тұңғыш рет тауарлық несие беру басталып, оған алғашқы болып, Бастаған ауылындағы «Шатан» шаруа қожалығының басшысы Евгений Әпейсов қатысып отыр.

Ол өзінің ірі қара шаруашылығынан 15 сиырды әле-



уметтік осал топқа жататын бөлағаштық 5 отбасына үш-үштен несиеге берді. Табан астында малды болған адамдардың бірі Гүлжзира Мұхтарова жалғыз өзі 4 бала тәрбиелеп отырса, Айжан Жалбырова көпбалалы ана да, бірінші топтағы мүгедек Еркін Ибраевтың да 4 баласы бар. Сол сияқты 2 баланың әкесі Виктор Кушнеренко отбасында бір өзі ғана жұмыс істесе, Марина Пригляда жұмысы жоқ, өзін-өзі

қамтып отырғандар санаттанды.

– Ауданымызда бірінші рет беріліп отырған тауарлық несие мерзімі 5 жылға дейін. Бұл екі жаққа да тиімді, – дейді Бұқар жырау ауданы ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Манат Құрманғалиев. – Өйткені, несие берген қожалық басшысы 5 жыл бойы сол берген малын бағып-қағудан құтылып, әр үш сиырдан жылына 2 бұзауын алып отырады. Ал, 3



Қуатты өңір

сиырға не болған отбасы олардың сүтін сауып, құрт-майын алып, жылына қалған бір бұзауын өсірген күннің өзінде белгіленген 5 жылда сол несиеге алған малын 5-6 басқа жеткізуге мүмкін.

Енді тауарлық несиеге не болған отбасылар сертификаттарын алып, табыннан өздері сиыр таңдауға көшті.

Бұқар жырау ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

СУРЕТТЕ: «Шатан» шаруа қожалығының басшысы Евгений Әпейсов Марина Приглядаға тауарлық несие сертификатын тапсыруда

# «Мүмкіндіктер марафоны» мәреге жақын

(Соңы. Басы 1-бетте).

Шахтинск Мансап орталығының директоры Рүстем Маноповтың айтуынша, бос жұмыс орындары жеткілікті. Бастысы – жұмыс істеуге деген ұмтылыс. Қалада «Бірінші жұмыс орны», «Жастар практикасы», «Ұрпақтар келісімшарты» жобалары табысты іске асырылуда. Осы бастамалардың арқасында көптеген жұмыссыздар, соның ішінде, жылу электр орталығы және «Шахтинскводоканал» сияқты іргелі кәсіпорындарда жұмысқа орналасты.

Шахтинск шаһары мен оған іргелес Долинка, Новодолинский, Шахан кенттерінде жастар саны 14 663 адамды, яғни, қала және оған іргелес кенттер халқының жалпы санының 25 пайызын құрайды. Оның ішінде 14 жастан бастап, оқушылар саны 2896 адамды, 24 жастан асқан студенттер саны 650 адамды құрайды. Жыл басынан бері NEET жастар дерекқорында 1157 адам болса, қазірде осы санаттағы жастар саны 573 адамға дейін кеміген. Бұл жұмыссыз жас өрендер жалпы санының 4,7 пайызын құрайды. Жұмыссыз жастар санының азаюына аулаларды аралау, деректер базасын өзектендіру мақсатында қоңырау шалу, іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру, әлеуметтік және ақпараттық қолдау, оқыту және демалысты ұйымдастыру ерекше ықпал еткен. Иә, жұмыссыз жан іздеген кілттің тап осы «бизнес» деген бір ауыз сөзден тауып жатады. 2021-2023 жылдар кезеңінде 49 грант алушы өзінің бизнес жобала-



рын іске асырып үлгерген. Оның ішінде, бүгінгі таңда 34 жоба өміршеңдігін дәйектеп, әлі күнге дейін табысты жұмыс істейді. Бұл жылы қараша айында жалпы сомасы 17 млн.теңгеге 17 грант берілді. Және жылма-жыл Шахтинск шаһарында қала әкімінің «Жастар» сыйлығы табысталып тұрады.

Атаулы сыйлық Шахтинск қаласының 14-35 жас аралығындағы жас азаматтарына «Жылдың үздік жоғары сынып оқушысы», «Жылдың жас спортшысы», «Колледждің үздік оқушысы», «Менің жеке үлесім», «Жыл еріктісі» номинациялары бойынша жастар арасында танылған жемісті

ғылыми, шығармашылық және қоғамдық қызметі үшін беріледі. «Жастар» сыйлығы 2013 жылдан бері өткізіліп, атаулы марапатқа 283 адам қатысса, оның 72-сі жас жеңімпаз атанды.

Бұдан бөлек, кәсіптік бағдар беру жұмысы үшін балалар үйінде де кездесулер жүргізіледі. Колледж студенттерімен кездесу барысында олар жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы уақытлы ақпарат алады. Әлбетте, ізіннен қуған заманға сай болу де бүгін кім-кімге болсын тым оңайға соқпасы анық. NEET жастармен әлеуметтендіру мен жұмысқа орналасуға бағытталған «Мүмкіндіктер марафоны» жобасы бой-

ынша атаулы жұмыс мәресіне бір табан жақындап келеді. Қалтарыста қалып қойған жасөспірімдер арасында әлеуметтік жұмыс белсенді жүргізілуде. Өрбір жаны ауырып, жігері мұқалған жасқа Шахтинск қаласының Мансап орталығына әрі кәсіпкерлік бөліміне жүгіну ұсынылады. Уақыты жетіп, кезегі келгенде орталық жанындағы заңгер мен психологтың тегін кеңесі де ырысқа келетіндігіне. Тек осы жылдың 10 айында ғана жастар арасында 68 психолог және 62 заңгер консультациясы өткен. «Мүмкіндіктер марафоны» аясында ақпан-наурыз айларында Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы-

ның тізіміне 4 NEET жастар санаты іліксе, барлығы 151 адам анықталған. Аралау қорытындысы бойынша ресурстық орталық қызметкерлерімен 8 адам Мансап орталығына жүгінуге ниет білдірген. Оның ішінде 2 адам орталыққа жүгініп, біреуі аспаздыққа қысқа мерзімді курстан өтіп, ресми түрде жұмысқа орналастырылды. Ал, екіншісі «Қоғамдық жұмыстар» бағдарламасы бойынша жұмысқа қабылданған. Атаулы жұмыс барысында жастар орталығының қызметкерлері көмекке мұқтаж екі отбасын құрды. Бұл отбасыларға қажетті көмек көрсетіліп, бақылауға алынды.

Мұқтаж адамдарды анықтау бойынша да жұмыс барысы орынды. Әуелгі сатысы, оларды анықтау кезінде азықтүлік жиынтықтарымен және киіммен қамтамасыз ету. Қолы қалт етіп, арзыған ырыздығы қылаң етісімен, азықтүлік жиынтықтарын қала тұрғындары мен еріктілер «Жақсылық сөбеті» жобасына жинауды әдет еткілі қашан. Жұмысқа мұқтаж жандарды толайым зерттеп, әлеуметтік-мәдени және рухани-адамгершілік бағытта жүргізілуде. Сөзімізді дәйектесек, шаһарда 76 спорт ғимараты, 31 спорт түрінен 200-ден астам спорт үйімісі жұмыс істейді. Оған 3 жастан 18 жасқа дейінгі 5 100 адам қатысады. Шахан және Долинка кенттерінде жасанды жабыны бар көпфункционалды хоккей корттары орнатылды. Шахтинск қаласының аула аумақтарындағы футбол алаңдарының жасанды қоғалдарын қалпына келтіру және ауыстыру бойынша жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жастар арасында діни және құқықтық сауат-

тылық деңгейін арттыру бөлігінде жалпы саны 2301 адамды қамтитын 44 жалпы профилактикалық іс-шара өткізілді.

Атаулы іс-шараларға дөңгелек үстелдер (Рухани келісім күні, мемлекеттік органдардың қызметкерлерімен түсіндірме әңгімелер), диалог алаңдары (діни бірлестіктердің басшыларымен кездесулер), азаматтардың нысаналы топтарымен: сотталғандар, діндарлар, әлеуметтік осал адамдармен әңгімелер мен кездесулер өткізілген. Осы бағыт бойынша жұмыс онлайн режимінде тікелей эфирлер өткізу және әлеуметтік желілерде материалдарды жариялау арқылы жүргізіледі.

Адами капиталды дамыту мақсатында 2024 жылдың 10 айында Жастар орталығы 530 іс-шара өткізді. Жалпы, 13968 адам қамтылса, оның ішінде, нашакорлықтың, буллингтің, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар нәтиже берген. Иә, ырыссыз қалмайын десеніз, жұмыссыз жүрменіз. Бұл әдепкі ақиқат. Қаланың қоғамдық ұйымдарымен және қайырымдылықтарымен бірлесіп ұйымдастырылатын мүгедек жастар арасындағы жыл сайынғы таланттар фестивалін атап өткен де жөн. Биыл ол Қарағанды облысының түпкір-түпкірінен 150 қатысушыны жинады. Бұған қоса, қаржылық сауаттылықты, психикалық тұрақтылықты, отбасылық құндылықтарды дамытуды оқыту шеңберінде жұмысшы жастармен белсенді жұмыс жүргізіледі.

Суреттерді түсірген  
Александр МАРЧЕНКО

## «Туған үйдің түтіні жылы»

Жақында Ақтоғай ауданында жаңадан бой көтерген қос пәтерлі тұрғын үйлер пайдалануға берілді. Онда Ақтоғай ауылы бойынша мемлекеттік тұрғын үй есебінде тұрған қобалалы және үйлері апаттық жағдайдағы отбасылар қоныстанды. Кейінгі жылдары құрылысы басталған Солтүстік-Батыс ықшам ауданындағы пәтерлердің барлығы да орталықтандырылған су жүйелеріне, электр қуатына қосылған.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН  
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...



Нұрдоғ КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Пайдалануға берілген жеке тұрғын үйлердің кілттерін 4 қоб-

балалы отбасыға және үйлері апатты жағдайдағы 2 отбасыға аудан басшысы Абылай Аманжолов табыс етті. Баспаналы болған

тұрғындарды құттықтап, үйдің іші берекелі де мерекелі күндерден тұрсын, сәбилердің шапшаңдан күлкісіне толсын деген тілегін жеткізді.

– Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес өңірлерді дамыту, ауылдық елдімекендерді гүлдендіру мақсатында бірнеше бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Соның тиімділігін пайдаланып, тұрғын үйге қол жеткізіп жатқандар да бар. Мемлекет тарапынан жағдайы төмен, жалғызбасты, көпбалалы, мүмкіндігі шектеулі, тұрғын үй кезегінде тұрған жандарға баспана беріліп отыр. Біз жаңадан Солтүстік-Батыс ықшам ауданын салып жатырмыз. Сол ауданның бірінші

қоныстанған тұрғындарын құттықтаймын, – деді Абылай Аманжолов.

Өңір басшысы қысқа мерзімде үйлерді салып берген мердігерлер Руслан Ақылтаев пен Бекболат Шырынбекке Алғыс хат тапсырып, еңбегін атап өтті.

Айта кетейік, тұрғын үйлер заман талабына сай жабдықталған. Қуанышқа бөленген көпбалалы аналар Жұлдыз Айтжанова, Саятұл Райымбекова, Ардагүл Ахметқалиева, Индира Лекер және тұрғын үйлері апатты жағдайға ұшырап, жаңа үйге иелік еткен Самат Мұнарбеков, Айтқұл Ортабаева алғысын айтты.

Ақтоғай ауданы

Сурет автордан

## Клубтың жаңа келбеті

Бұқар жырау ауданының бес ауылында қайта жөндеуден өткен клубтар есігін айқара ашты. Мәдениет ошақтарының ғимараттарын жөндеу қажеттілігі туралы мәселені тұрғындар бұған дейін бірнеше рет көтерген.



Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Енді заманға сай жаңартылған ауыл клубтары мерекелік концерт, кездесулер мен жиындардың орнына айналады.

Нақтырақ айтсақ, Ботақара ауылында жөндеуден кейін жергілікті клубта біраз нәрсе өзгерген. Мәселен, қабырғалар сырла-

нып, терезе, есіктер орнатылып, едендер жаңартылған. Ал, ғимараттың қасбеті металл қаптамамен қапталған.

Сонымен қатар, инженерлік коммуникациялары жаңартылғаннан кейін бөлмелері жылы әрі жайлы бола түсіпті. Жуынатын

бөлме жөнделіп, септік орнатылған. Енді концерттер мен шаралар жаңа сахнада өтпек.

Дәл осындай жүйелі жөндеу жұмыстары Ақөре және Тасауыл ауылдық клубтарында да жүргізілген.

– Ауылымыздың тұрғындары



Қуатты өңір

ры өте белсенді және шығармашылыққа бейім. Олар үшін клуб – бірлескен мәдени демалыс орны. Жаңажылдық мерекелерді емін-еркін өткізіп, балалар мен қонақтарды жарқын, жылы жөндеуден өткен ғимаратта қарсы алуға жағдай жасап бергеніне қуаныштымыз, – дейді Ақөре ауылының клуб менеджері Әлия Ахмадиева.

Ал, Ақкөл ауылының клубында жұмсақ шатыр боялған пішінді қаңылтырға ауыстырылыпты. Үміткер ауылының клубында кірпіштен жасалған қасбет жасалған. Аудандағы мәдени-демалыс мекемелерін жөндеу жұмыстары алдағы уақытта әлі де жалғасады.

Сурет облыс әкімдігінің  
сайтынан

• ЧЕМПИОНАТ

## Ел чемпионы атанды

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің құрама командасы University League – 2024 футболынан Қазақстан Республикасы чемпионатында жеңіске жетті. Жарыс елордалық Saigan Arena спорт сарайында өтті.



Ерқанат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Студенттер чемпионатына 10 команда қатысты. Олар екі топқа бөлінді. Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің құрама командасы бір рет тең ойын және үш рет қатарынан жеңіске жетті. Командалардың тәлімгерлері – дене тәрбиесі кафедрасының аға оқытушысы, жаттықтырушы Ерлан Оқасов және UEFA жаттықтырушысы Александр Дьяченко.

– Жартылай финалда біз АІТУ астаналық командасын 4:1 есебімен жеңдік. Соңғы ойында қарсыласымыз Алматыдан келген Тұран университетінің ойыншылары болды. Бірақ, біз 5:1 есебімен оларға жеңісті қолдан бермедік. Осылайша, тарихта тұңғыш рет Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ командасы ел чемпионы атанды. Сөз жоқ, ел мерейін өсірген жеңіс! Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің футбол командасы тарихта тұңғыш рет Қазақстан чемпионы атанып, университеттің абырой-

ын асқақтатты. Бұл қуаныш тек спорттық жетістік ғана емес, сонымен қатар, студенттердің ұйымшылдық пен табандылықтың жарқын үлгісі болды. Жас спортшылардың жеңісі университеттің спорттық дәстүрлерін жаңа деңгейге көтеріп, жас буынға шабыт сыйлады. Осындай нәтижеге жету – тек ойыншылардың ғана емес, олардың жаттықтырушылары мен қолдаушыларының ерен еңбегінің жемісі. Алдағы уақытта да ҚарТУ командасы биік белестерді бағындырып, Қазақстанның спорттық тарихында жаңа белестер еңсереріне сенім мол. Бұл жеңіс – тек бастамасы! – деп атап өтті жаттықтырушы Ерлан Оқасов қуанышын жасырмай.

Қарағандылық ойыншылар жекеген сыйлықтарға да ие болды. Кирилл Дуров үздік шабуылшы атанса, ал, Жарқынбек Рыспеков үздік қақпашы деп табылды.

Сурет облыс әкімдігінің  
сайтынан



• МЕРЕЙ

# Қарағанды Қойлыбайын құрметтеді

Ақын, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанның мәдениет қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Қойлыбай Асанов 60 жасқа толды. Ақынның тойы Қарағанды шаһарында дүркіреп өтті. Қадірлі қаламгер Кеншілер мәдениет сарайының төрінде оқырманына есеп берді. Еліміздің түпкір-түпкірінен жақсы мен жайсаң келіп, мерейтой иесінің ығына шапандарын жапты, құрметтерін көрсетті.



Ақ тілектер ақтарылғанда

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мерейтойлық кеш «Ақзер дүние – аққу жыр» деп аталды. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің ұлағатты ұстазы Азат Бабаш тізгіндеді. Ақын, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтаев Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы, «Аманат» партиясының төрағасы Ерлан Қошановтың сәлемін жеткізді. «Құрметті Қойлыбай Дәулетханұлы, асқаралы 60 жастың асуын бағындырған мерейлі тойыңыз құтты болсын! Бабалардың аманатын арқалаған Арқадағы ақиық азаматтардың бірісіз. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарында ақындар айтысының аламанын қыздырып, жыр байрағын желбіреткеніңіз ел есінде. Ғалым ретінде де табанды ізденістеріңіз бен зерделі зерттеулеріңіз арқылы отандық ғылымға зор үлес қостыңыз. Қаламыңыздан туған «Құба таң – құлын дүние», «Қойлыбайдың қобызы», «Жылымық жылдың жаңғырығы», «Аңыздың соңы ақжауын» кітаптарыңыз арқылы қаламгерлік қарымыңызды таныта білдіңіз. Осылайша, алпыстың асқарына зор абыроймен шықтыңыз. Ұлт руханиятына әлі де тынбай еңбек етіп, халық ықыласына бөлене беріңіз! Деніңізге саулық, отбасыңызға бақыт, шығармашылық еңбегіңізге толағай табыс тілеймін!» делінген құттықтау хатында. Сөз барысында Аманжол Әлтаев «Қойлыбай Асанов – мені айтысқа үкілеп қосқан қадірлі ағам» деп атап өтті. Мерейтой иесінің ығына шапандарын жапты. Содан кейін облыс әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбеков аймақ басшысының құттықтауын оқып берді. Жеткен құттықтаулар мен мерейтой иесінің ығына жабылған шапан көп.



«Сарша тамыз – сары жел» жыр жинағының тұсауы кесілді

Ел ағаларының қарасы қалың болды бұл кеште. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлқеновтің де сәлемі жетті. Іле-шала мемлекеттік тапсырыс аясында жарық көрген Қойлыбай ақынның «Сарша тамыз – сары жел» атты жыр жинағының тұсауы кесілді. Сонымен қатар, «Бозторғай өлең, боз дала» атты мерейтойлық жинақ та оқырманға таныстырылды. «Аңсау» деген Қойлыбай Асановтың өлеңдеріне жазылған әндер жинақталған дискі де тыңдарманға жол тартты. Тұсау-кесер рәсіміне Алаштың аяулы ақыны, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсауңқарұлы бастаған зиялылар қатысты.

Ақынның туған топырағы Жаңаарқа ауданынан да бір қауым ел келді. Аудан

әкімінің орынбасары Алмас Әбдіғожин де құттықтады. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің басқарма төрағасы, заң ғылымдарының докторы Нұрлан Дулатбеков болса, мерейтой иесінің кеудесіне «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін тақты. Бұл – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектен жеткен марапат. Кеште Қойлыбай Асановтың өлеңдеріне жазылған әндер орындалды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі әнші, сазгер Дәуренбек Әрқенов екеуі шығармашылық байланыста талай жауһарды жарыққа шығарған. Солардың бірі хәм бірегейі – «Арқаның алтын аймағы». Өнді бүгінде талантымен елді мойындата білген дарынды әнші Медет Осатаев шыраққады. Қойлыбай Асановтың



Мерейтой иесі – Қойлыбай Асанов

өлеңдері әнге сұранып тұратынын атап өткен жөн. Жырларынан Арқа жазығының самалы есетіндей. Бұны біз емес, шын өлеңді таныған өрелі оқырман мойындағалы қашан?!

Қойлыбай Асановтың айтыстағы шөкірті, талантты айтыскер ақын, «Алтын домбыра» иегері Мақсат Ақанов ағасына арнауын айтты. Ақын жырына ел ағасына айналған мерейтой иесінің қадір-қасиетін, еңбегін, тұлғасын арқау етіпті.

Сәкен театрының актерлері Қойлыбай Асановтың «Мен Арлы гүлның баласы», «Сары жел», «Біз қазақ осындай ел едік» өлеңдерін оқыды.

Жалпы, Қойлыбай Асановтың мерейтойы Арқа төрінде басталғалы біраз болды. Әлеуметтік желідегі қалың оқырманның ыстық ықыласынан бөлек, ұстаз Қойлыбайдың шөкірттері телеарналар мен газет беттерінде лебіздерін білдіргенді. Қадірлі ақынға газетіміз де айқарма арнаған. Шөкірттерінің ұлағатты ұстазы тұрасында жазған макалаларында есеп жок. Бәрін газет бетіне бере алмадық. Осы сәтті пайдаланып, шөкірттерінің бірі, әріптесіміз Жаная Амантайдың да ұстаз жайлы толғанған бір ауыз сөзін осында келтіруді жөн көрдік. «Шаранасына шық қонған, сарымсағынан сүт тамған Сары даланың сарыбауыр Сүлікқарасының бірі – Қойлыбай Асанов ағам. Бұлай деп атына атыраптың атағын қосуымның себебі – бұл кісі өзі болған азамат. Еңбегі мен парасаттылығының арқасында кешегі қойшы баладан қазіргі Қойлыбай Асанов дәрежесіне жеткен жанпоз жан. Расында, Қойлыбай ағам аса бір мақтаудың да керегі шамалы екенін білеміз. Абырой асқарына алып, дүние дүрмегінде дүр екенін дәлелдеп қойғалы қашан?! Десек те, көмбегінен қолденең қиған жүйрік те қиу мен көшеметті сүймей ме?! «Жақсының жақсылығын айтып, нұрын тасыту» ол да бір інілік ілтипаттың белгісі секілді» депті ұстаз Қойлыбайдың шөкірті.

Суреттерді түсірген  
Александр МАРЧЕНКО

• БӘРЕКЕЛДІ!

# Он екі жастағы чемпион

Қарағанды қаласында бокстан «Сұңқар» спорт клубының ұйымдастыруымен республикалық ашық турнир өтті. Онда 2011-2012, 2013-2014, 2015-2016 жылғы жасөспірімдер қатысып, бақ сынасты.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған турнирде 11 салмақ дәрежесі бойынша 160-қа жуық былғары қолғап шебері өнер көрсетті.

Майқұдықтағы «Жауынгер» спорт клубының тәрбиеленушісі Нұрасыл Қуандық 26 келі салмақ дәрежесінде қарсылас шақ келтірмей, чемпион атанды.

Ақтық сындағы қарсыласы оның жылдам әрі жойқын соққыларына төтеп бере алмай, бапкері екінші раундта уақытынан бұрын жекпе-жекте тоқтатуға мәжбүр болды.

Нұрасылдың бапкері – кәсіпқой боксшы, бокстан спорт шебері Нұрлан Сабыров.



– Нұрасылдың біздің клубқа ауысқанына жарты жыл болды. Өте еңбекқор. Боксты жаны сүйеді. Рингте өзін жақсы сезінеді. Қойған тактиканы орындап, топ жарды. Талмай еңбектенсе, биікті бағындырары аңғарылады. Оның солақай екенін атап өту керек. Сол қолының соққылары жойқын. Одан бөлек, өте жылдам қимылдайды. Нұрасылдан басқа клубымыздың 9 тәрбиеленушісі финалда өнер көрсетіп, жүлделер атанды, – деп атап өтті Нұрлан Ділімұратұлы.

Тағы бір айта кетерлігі, ұйымдастырушылар «Үздік боксшы», «Женіске деген ынтық үшін», «Үздік техникасы үшін» және «Ең кіші қатысушы» номинацияларына тағайындаған. Нұрасыл өзінің ешкімге ұқсамайтын тәсілімен «Үздік техникасы үшін» аталымын жеңіп алды.

– Боксқа 4-5 жасымнан қызыға бастадым. Алғашқы дәрісті әкемнен алдым. Өсіп-қалыптасу үшін жүзу, акробатика, кикбокс, ММА, ушу-сандық, футбол сынды спорт түрлеріне қатыстым. Кейін 11 жасымда әкем GGG спорт кешеніне апарып, жаттықтырушы Ержан Мүсіповтің тәрбиесіне берді. Онда жарты жылдай дайындалып, «Жауынгер» клубына ауыстым. Бапкерім Нұрлан ағайға ризамын, – дейді Нұрасыл Жәлелұлы.

Нұрасыл алғашқы жарысының өзінде танымал бапкерлердің көзіне түсіп, болашағын үміт күттіретінін байқатты. Болашақта талай биікті бағындырарына бек сенеміз!

• ЖӘДІГЕР

# Қола дәуірінің қорымы табылды

Шет ауданы Өспен ауылдық округінде археологиялық қазба жұмыстары аяқталды. Археолог ғалымдар қола дәуірінің Ақбайбаш қорымына тиесілі бес жерлеу орындарын тапты. Табылған жәдігерлердің бәрі қола дәуіріне жататындығын радиокөміртекті талдау растап отыр.

Табылған бес қорымның үшеуі ауыл арасындағы жолда болса, қалған екеуі ең далада орналасқан. Барлық жерлеу орындары тоналған. Бірақ, ғалымдар әлі де қызықты артефактілердің табылып қалу мүмкіндігін айтады. Олардың ішінде, сол кезеңдегі өте сапалы керамика бөлшектері бар.

Бір айта кетерлігі, оның құрамындағы саз қазіргі Өспен ауылдық округіне тән, бірақ, керамикалық бұйымдарды өндіру технологиясының өзі Орталық Қазақстанның шеберлеріне тиесілі. Бұдан «Әр түрлі аймақтардан келген колонершілер

тәжірибе алмасып, бір-бірінен үйренді» деген қорытынды шығаруға болады.

Сонымен қатар, археологтар эмбрион позасында басыз көмілген адамның қаңқасын тапты. Бұл сол дәуірде өмір сүрген адамдардың күрделі рухани-мәдени идеялары мен дәстүрлерінен хабар береді.

– Барлық жәдігерді облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығына тапсырдық. Сол жерден артефактілер Өспен ауылының мұражай қорына бағытталды. Енді оларды сол жақтан көруге мүмкіндік бар, – дейді экспедиция жетекшісі, «EcoProf KZ» ЖШС ғылыми-зерттеу бөлімінің жетекшісі археологы Александр Кнутов.

Қазіргі таңда табылған жерлеу орындары қоршауға алынған. Бұл келешекте жәдігерлерді сақтау үшін аса маңызды.

Бұдан бөлек, ғалымдар XX ғасырдың басында британдық инженер-конструктор Джон Уилфорд Уорделл салған Сарысу



байыту фабрикасының қирандыларын әуеден түрлі ракурстан бейнеге, суретке түсіріп алды. – Бұл зауыттың қирандылары облы-

стық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына, кейбір жергілікті тұрғындарға, ақпаратты мақсатты түрде зерттеген туристерге белгілі болды. Алайда, нысан танымал болмағандықтан, назар аударылмаған. Біз түсірген суреттер бойынша зауытты қайта құруға, оның архитектурасын іс жүзінде қалпына келтіруге болады, – дейді Александр Кнутов.

Ғалымдар одан бөлек, Сарысу өзенінің бассейні аймағында археологиялық барлау жүргізіп, олар қола дәуіріне, ерте темір дәуіріне, орта ғасырларға және қазіргі заманға жататын жаңа нысандарды тапты.

Олардың арасында «мұртты» үлкен тас қорған – тасмола археологиялық мәдениеті ерекше мәнге ие. Ол ерте темір дәуіріне жатады және Орталық Қазақстанға тән екенін атап өткен жөн.

Ғалымдар аталған нысандарды зерттеуді әрі қарай жалғастыруды жоспарлап отыр.

Өз тілімізден  
Сурет «EcoProf KZ» ЖШС  
экспедиция материалдарынан  
алынған

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –  
**Қайрат Жүнісұлы**  
**ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары –  
**Оксана Вячеславовна**  
**МЯГКИХ**

Бас редактор –  
**Е.К. МУСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары –  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы –  
**Ж. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-35-37  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтинс, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJБZKХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 197

№ 136 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылған. Көлемі 2 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.  
**Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.**  
Кезекші редактор **Жәлел ШАЛҚАР**